«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2026 ж. «17» наурыз
№ N093042 бұйрығымен
2026 ж. «19» наурыз
№ N093091 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Эпирубицин-Келун-Казфарм

Халықаралық патенттелмеген атауы
Эпирубицин

Дәрілік түрі, дозасы
Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат 10 мг/5 мл, 50 мг/25 мл

Фармакотерапиялық тобы
Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар. Антинеопластикалық препараттар. Цитоуытты антибиотиктер және тектес заттар. Антрациклиндер және тектес қосылыстар. Эпирубицин.
АТХ коды L01DB03

Қолданылуы
- сүт безінің обыры
- асқазан обыры
- ұсақ жасушалы емес және ұсақ жасушалы өкпенің обыры
- аналық бездің обыры
- қуықтың өтпелі-жасушалы обыры
- ходжкиндік (лимфогранулематоз) және ходжкиндік емес қатерлі лимфомалар
- көптеген миелома
- жедел лейкоз

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар

- эпирубицинге немесе препараттың басқа компоненттеріне, сондай-ақ басқа антрациклиндерге немесе антрацендиондарға жоғары сезімталдық;
- жүктілік және емшек емізу кезеңі;
- 18 жасқа дейінгі балалар (тиімділігі мен қауіпсіздігі белгіленбеген);
- вена ішіне енгізуге қарсы көрсетілімдер: айқын миелосупрессия, бауырдың ауыр жеткіліксіздігі, ауыр жүрек жеткіліксіздігі және ауыр аритмиялар, жақында бастан өткерген миокард инфарктісі, басқа антрациклиндермен немесе антрацендиондармен шекті жиынтық дозаларда алдыңғы емдеу, тұрақсыз стенокардия, кардиомиопатия, жедел жүйелік инфекциялар;
- қуыққа енгізуге қарсы көрсетілімдер: қуық қабырғасына пенетрацияланатын инвазивті ісіктер, несеп шығару жолдарының инфекциялары, қуықтың қабынуы, гематурия, несеп шығару жолдарының обтурациялық аурулары, катетеризация жүргізу мүмкін болмаған кезде.

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Инфузиялық ерітінділерді дайындау үшін 0,9% (M/V) венаішілік инфузияға арналған хлорлы натрий ерітіндісін; 5% (M/V) венаішілік инфузияға арналған глюкоза ерітіндісін; немесе венаішілік инфузияға арналған натрий хлориді мен глюкоза ерітінділерінің қоспасын пайдалану ұсынылады.

Осы заттың уыттылығын ескере отырып, келесі ұсыныстар жасалды:
- персонал препаратпен дұрыс жұмыс істеу техникасын оқыған болуы тиіс;
- жүкті қызметкерлер препаратпен жұмыс істеуге жіберілмейді;
- эпирубицинмен жұмыс істеген кезде персонал өкілдері арнайы қорғаныш киімінде: химиялық көзілдірік, жұмыс халаттары, бір рет қолданылатын маскалар мен қолғаптар киюге тиіс;
- препаратты тағайындау немесе тазалау кезінде пайдаланылатын барлық заттар қауіпті қалдықтарды сақтайтын қапшықтарға салынып, жоғары температурада жағылуы керек;
- төгілген материалды натрий гипохлоритінің сұйылтылған ерітіндісімен (құрамында 1% хлорит бар) өңдеп, содан кейін оны сумен жуу керек.
- егер өнім теріге түссе, зақым тиген аймақты сумен және сабынмен немесе натрий бикарбонаты ерітіндісімен мұқият жуыңыз; көзге тиген жағдайда, қабақтарыңызды тартып, көзді кем дегенде 15 минут бойы көп мөлшерде сумен шайыңыз және дәрігермен кеңесіңіз;
- препаратпен жұмыс аяқталғаннан кейін қолғаптарды шешіп, қолдарды жуу керек.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Эпирубицин басқа ісікке қарсы дәрілердің уыттылығын, әсіресе миелоуыттылығын және асқазан-ішек жолына уытты әсерін күшейтуі мүмкін. Миелосупрессиялық әсер етуге қабілетті басқа препараттарды (мысалы, сульфониламидтер, хлорамфеникол, дифенилгидантоин (фенитоин), амидопирин дериваттары, антиретровирустық агенттер) қабылдаған пациенттерде де қан түзудің айқын бәсеңдеуі мүмкіндігін ескеру керек.

Эпирубицинді біріктірілген химиотерапияда басқа потенциалды кардиоуытты препараттармен бірге қолданғанда, әсіресе жартылай шығарылу кезеңі ұзақ трастузумаб сияқты, сондай-ақ басқа кардиоактивті препараттармен (мысалы, «баяу» кальций өзекшелерінің блокаторларымен) бірге қолданғанда емдеудің бүкіл кезеңінде жүрек қызметінің мониторингін жүргізу қажет.

Трастузумаб пен антрациклиндерді (эпирубицинді қоса) бірге қабылдаған пациенттерде өлім жағдайларын қоса, жүрек жеткіліксіздігінің (Нью-Йорк кардиология қауымдастығының (NYHA) жіктемесіне сәйкес II-IV функционалды классы) дамуы сипатталған. Антрациклиндер мен трастузумабты жақсы бақыланатын клиникалық зерттеулерден тыс пайдалану ұсынылмайды. Циметидин эпирубициннің «концентрация-уақыт» (AUC) қисығы астындағы ауданды 50% ұлғайтады, сондықтан эпирубицинмен ем жүргізу кезінде оны тоқтатқан жөн.

Эпирубицинді басқа препараттармен, сілтілі ерітінділермен (эпирубицин гидролизі мүмкін), гепаринмен (тұнба түзіледі) араластыруға болмайды.

Эпирубицинді қолданар алдында енгізілген паклитаксел қан плазмасында эпирубицин мен оның метаболиттерінің концентрациясын арттыруы мүмкін. Паклитаксел немесе доцетаксел, егер эпирубицин таксандарды қолданар алдында енгізілген болса, эпирубициннің фармакокинетикалық параметрлеріне әсер етпейді. Алайда, бір зерттеу көрсеткендей, егер доцетакселді эпирубицинді қолданғаннан кейін бірден енгізсе, қан плазмасында эпирубицин мен оның метаболиттерінің концентрациясы жоғарылауы мүмкін. Егер біріктірілген емдеу қажет болса, эпирубицинді таксандардан 24 сағат бұрын қолдану ұсынылады.

Дексверапамил эпирубициннің фармакокинетикасын өзгертуі және сүйек кемігі функциясының бәсеңдеуін күшейтуі мүмкін.

Интерферон-α2b біріктіріп қолданғанда, эпирубициннің терминалды фазадағы жартылай шығарылу кезеңі және жалпы клиренсі төмендеуі мүмкін. Эпирубицин мен сәулелік емді бір мезгілде қолдану туралы шектеулі деректер бар.

Эпирубицинді қолдану тіндердің сәулелік емнің цитоуытты әсеріне сезімталдығын арттыруы мүмкін. Сәулелік емнен кейін эпирубицинді қолдану сәулелік емнен туындаған қабыну реакцияларын индукциялауы мүмкін.

Хининдер эпирубициннің қаннан тіндерге таралуын жылдамдатуы, сондай-ақ эпирубициннің эритроциттерде таралуына әсер етуі мүмкін. Антрациклиндерді дексразоксанмен бір мезгілде қолданғанда миелосупрессия дәрежесі артады.

Арнайы ескертулер

Эпирубицин-Келун-Казфармды тек ісікке қарсы және цитоуытты емді жүргізу тәжірибесі бар дәрігердің бақылауымен қолдану керек. Емдеу басталғанға дейін пациентте алдыңғы цитоуытты емнің (стоматит,

нейтропения, тромбоцитопения және жайылған инфекциялар сияқты) жедел уытты әсерлері басылуы тиіс.
Эпирубициннің жоғары дозаларын қолданған кезде (әр 3-4 апта сайын > 90 мг/м^2), жағымсыз құбылыстар стндартты дозаларды қолданған кездегімен ұқсас болады (әр 3-4 апта сайын <90 мг/м^2), алайда нейтропения мен стоматит/мукозититтің айқындылық дәрежесі жоғары болуы мүмкін. Миелосупрессия салдарынан болатын ықтимал асқынуларға байланысты эпирубициннің жоғары дозаларын қабылдайтын пациентте мұқият бақылауда болуы тиіс.
Жүрек
Айқын кардиоуыттылық қаупін төмендету үшін Эпирубицин-Келун-Казфарм препаратымен емдеу басталғанға дейін және кезінде эхокардиография (Эхо-КГ) немесе көпөзекшелі радиоизотоптық ангиография (МӨРА) деректері бойынша сол жақ қарыншаның лықсу фракциясын бағалауды қоса, жүрек функциясына тұрақты мониторинг, сондай-ақ ЭКГ-мониторинг, әсіресе жоғары кардиоуыттылық қаупі факторлары бар пациенттерде (жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары, көкірекортасы/перикард саласындағы алдыңғы немесе қатарлас сәулелік ем, басқа да кардиоуытты препараттар, сондай-ақ «Басқа дәріліка заттармен өзара әрекеттесуі» қараңыз). СҚЛФ динамикамен өлшенуі керек, әсіресе антрациклиндердің жиынтық дозаларын арттырғанда, СҚЛФ бағалаудың бірдей әдісін пайдалану мақсатқа сай. Препаратты қолдануға түрткі болатын жүрек жеткіліксіздігінің ерте клиникалық диагнозы, сәтті емдеу үшін өте маңызды. Жедел (ертерек) кардиоуыттылық көп жағдайда транзиторлы (қайтымды) сипатта болады және оны әдетте Эпирубицин-Келун-Казфарм препаратымен емдеуді тоқтатуға көрсетілім ретінде қарастырмайды. Симптомдары синустық тахикардия және/немесе ST-T толқындарының ЭКГ-да спецификалық емес өзгерістері болып табылады. Сондай-ақ тахиаритмияның, қарыншалық тахикардияның, брадикардияның (жүрек жиырылу жиілігінің төмендеуі), атриовентрикулярлық блокаданың, ГИС шоғыры тармақтарының блокадасы пайда болуы туралы хабарламалар бар. Бұл әсерлер әдетте кешіктірілген кардиоуыттылықтың пайда болуына әкелмейді. Кеш (кешіктірілген) кардиоуыттылық жиынтық дозаға тәуелді, осыған байланысты эпирубициннің ұсынылған кумулятивті дозасын (900 мг/м2) тек ерекше жағдайларда ғана арттыруға болады. Кардиоуыттылық қаупінің факторларына мыналар жатады: жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары (белсенді сатыдағы немесе жасырын), көкірекортасы/перикардиальді аймақтағы алдыңғы немесе қатарлас сәулелік ем, басқа антрациклиндермен немесе антраценедиондармен бұрынғы жүргізілген ем, сондай-ақ миокардтың жиырылу функциясын басатын басқа да препараттарды бір мезгілде тағайындау. Эпирубициннен туындаған кардиоуыттылық негізінен емдеу аясында немесе оны аяқтағаннан кейін екі ай ішінде дамиды, бірақ кешіктірілген жағымсыз әсерлер (ем аяқталғаннан кейін бірнеше ай немесе тіпті жылдар) пайда болуы мүмкін. Кеш кардиоуыттылық симптомдары сол қарыншаның

миокардының жиырылу қабілетінің төмендеуі және/немесе ентігу, өкпенің ісінуі, ортостатикалық ісіну, кардио және гепатомегалия, олигоурия, асцит, плевральды жалқық, галоп ырғағы сияқты іркілісті жүрек жеткіліксіздігінің симптомдары болып табылады. Сондай-ақ, перикардит/миокардит сияқты жеделге жуық құбылыстар байқалуы мүмкін. Кардиоуыттылық дамуының алдын алу үшін жүректің аспаптық зерттеуін (эхокардиография, позитронды-эмиссиялық томография және т.б.) тұрақты жүргізу ұсынылады.

Бұрын антрациклинді қабылдаған пациенттер сондай-ақ трастузумабпен емнің қаупі жоғары топта болады, дегенмен қауіп бірге қолданылғанға қарағанда төмен. Ұзақ шығарылу кезеңіне байланысты (Т.; трастузумаб 4-5 аптаны құрайды, трастузумаб 20-27 апта бойы қанайналымында сақталуы мүмкін), бұрын осы препаратты қабылдаған пациенттер кардиоуыттылық дамуының қаупі жоғары топта болады. Трастузумабпен емдеуді тоқтатқаннан кейін мұндай пациенттерде кемінде 27 апта бойы эпирубицинді қолданудан мүмкіндігінше аулақ болу керек.

Кеш кардиоуыттылық белгілері анықталған жағдайда Эпирубицин-Келун-Казфарм препаратымен емдеуді дереу тоқтатады.

Гематологиялық уыттылық

Басқа цитоуытты агенттер сияқты, эпирубицин миелосупрессияны тудыруы мүмкін. Эпирубицин-Келун-Казфарм препаратымен емдеу үрдісінде, әсіресе жоғары дозаларды қолданған кезде, емнің әр циклі алдында және кезінде гематологиялық көрсеткіштерді (лейкоциттердің, тромбоциттердің, гемоглобиннің, қанның формалық элементтері) және лейкоциттарлық формуланы бағалау қажет. Лейкопения және нейтропения дозаға тәуелді сипатқа ие және препаратты енгізгенннен кейін орташа есеппен 10-14 күннен кейін ең төмен мәніне (надира) жетеді, қан көрінісінің қалпына келуі әдетте 21 күнге байқалады. Сондай-ақ тромбоцитопения және анемия дамуы мүмкін. Клиникалық тұрғыдан бұл қызба, инфекция, сепсис/септицемия, септикалық шок, геморрагия, тіндік гипоксия және өліммен байқалуын мүмкін.

Салдарлы лейкоз

Эпирубицинді қоса, антрациклиндерді қабылдайтын пациенттерде салдарлы лейкоз дамуы мүмкін. Салдарлы лейкоз емнен кейін 1-3 жылдан кейін прелейкемиялық фазамен немесе онсыз дамуы мүмкін. Антрациклиндермен емнің бұл асқынуы басқа ДНҚ-ны зақымдайтын препараттармен, сәулелік еммен, цитоуытты препараттармен алдын-ала емдеуде, сондай-ақ антрациклиндердің жоғары дозаларын қолданғанда жиі кездеседі.

Асқазан-ішек жолы

Эпирубицин жүрек айнуы мен құсуды тудыруы мүмкін. Мукозит және стоматит жиі емнің ерте жағымсыз әсерлері болып табылады және ауыр ағымында бірнеше күн ішінде шырышты қабықтың ойық жаралануына әкелуі мүмкін. Көптеген пациенттерде бұл жағымсыз құбылыс цикл басталғаннан үшінші аптада өтеді.

Бауыр

Эпирубицин негізінен бауыр арқылы шығарылатындықтан, ем басталғанға дейін бауыр функциясын бағалау қажет, әрі қарай «бауыр» трансаминазаларының белсенділігіне және қан плазмасындағы жалпы билирубиннің концентрациясына тұрақты мониторинг жүргізу ұсынылады.

Бүйрек

Емді бастағанға дейін креатининнің плазмалық концентрациясын және әрі қарай оны ем кезінде үнемі бағалау керек. Креатинин концентрациясы > 5 мг/дл кезінде дозаны түзету қажет.

Енгізу орнындағы реакциялар

Препаратты ұсақ тамырға енгізудің немесе бір тамырға бірнеше рет енгізудің салдары флебосклероздың дамуына әкелуі мүмкін. Енгізудің ұсынылатын емшараларын орындау инъекция орнында флебиттің/тромбофлебиттің даму қаупін азайтуы мүмкін («Қолдану тәсілі және дозасы» бөлімін қараңыз).

Препараттың экстравазациясы

Препараттың экстравазациясы жергілікті ауыруға және ауыр жергілікті асқынулардың (күлбіреуіктердің түзілуі, ауыр целлюлит, некроз) дамуына әкелуі мүмкін. Эпирубициннің экстравазациясының алғашқы белгілерінің пайда болуы (инъекция орнында күйдіріп-ашыту немесе ауыру) инфузияны дереу тоқтату керек. Экстравазацияның салдарын жою бойынша іс-шараларды (дексразоксанды енгізу пайдалы болуы мүмкін) жергілікті жүргізу керек. Мұз пакеттерін пайдалана отырып (24 сағат ішінде), инъекция орнын салқындату мақсатқа сай болуы мүмкін. Зақымданған аяқ-қолды үнемі тексеру ұсынылады, себебі тіннің некрозы бірнеше апта ішінде дамуы мүмкін. Қажет болған жағдайда ықтимал алып тастау мақсатында пластикалық хирургтан кеңес алу керек.

Басқалар

Басқа цитоуытты препараттармен болғандағыдай, тромбофлебит және тромбоэмболиялық құбылыстар, соның ішінде өкпе эмболиясы (кейбір жағдайларда өліммен аяқталатын), эпирубицинді пайдалану кезінде кездейсоқ тіркелген.

Ісік лизисінің синдромы

Эпирубицинді қолдану кезінде ісік жасушаларының жылдам лизисі салдарынан гиперурикемия байқалуы мүмкін, осыған байланысты ем кезінде қан плазмасындағы несеп қышқылының, калийдің, кальций фосфаты мен креатининнің концентрациясын үнемі анықтау ұсынылады. Баламалы гидратация, несептің сілтілі pH демеу, аллопуринолды профилактикалық тағайындау ісік лизисінің синдромымен байланысты асқынулардың қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Вакцинация

Эпирубицин-Келун-Казфарм иммуносупрессиялық қасиеттерге ие болғандықтан, вакцинацияны тірі вакциналармен жүргізу ұсынылмайды, себебі суперинфекция дамуы мүмкін. Инактивацияланған немесе өлтірілген

вакциналарды енгізуге жол беріледі, алайда мұндай вакциналарды енгізуге жауап төмендеуі мүмкін.

Ұрпақ өрбіту уыттылығы

Эпирубицин-Келун-Казфарм препаратымен ем қабылдайтын ерлер мен әйелдер контрацепцияның сенімді әдістерін қолдануы тиіс. Эпирубицинмен емделетін және бала тууды жоспарлаған пациенттерге генетиктен кеңес алу ұсынылады («Жүктілік және емшек емізу кезеңінде қолдану» бөлімін қараңыз).

Басқа енгізу тәсілдері үшін қосымша ескертулер мен сақтық шаралары

Қуыққа енгізу

Эпирубицинді енгізу химиялық циститтің симптомдарын (дизурия, полиурия, никтурия, странгурия, гематурия, қуықтың жайсыздығы, қуық қабырғасының некрозы) және қуықтың тарылуын туындатуы мүмкін. Катетеризация мәселелеріне ерекше назар аудару керек (мысалы, үлкен қуықішілік ісіктерге байланысты несепағардың обструкциясы).

Артерияішілік енгізу

Эпирубицинді артерия ішіне енгізу (бастапқы гепатоцеллюлярлы карциномалардың немесе бауырда метастаздардың жергілікті немесе аймақтық ем үшін транскатетерлік артериялық эмболизация) дәрілік склероздаушы холангитке байланысты асқазан мен он екі елі ішектің ойық жарасын (асқазан артериясына дәрілердің рефлюксіне байланысты болуы ықтимал) және өт жолдарының тарылуын қамтитын жергілікті немесе аумақтық құбылыстарға (жүйелі уыттылыққа қосымша эпирубицинді вена ішіне енгізгеннен кейін байқалатындарға сапалы ұқсас) әкелуі мүмкін. Енгізудің мұндай тәсілі перфузияланған тіннің кең таралған некрозына әкелуі мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Эпирубицин-Келун-Казфарм ішке қабылдаған кезде белсенді емес, сондай-ақ бұлшықет ішіне және интратекалды енгізу көрсетілмеген.

Эпирубицин-Келун-Казфармды вена ішіне, физиологиялық ерітіндімен инфузиялық жүйені пайдалана отырып, тағайындау ұсынылады; алдымен иненің венаға дұрыс енгізілген-енгізілмегеніне көз жеткізу керек. Бұл әдіс экстравазация қаупін азайтады және препаратты енгізгеннен кейін веналарды физиологиялық ерітіндімен шаю мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Инъекция кезінде эпирубициннің экстравазациясы тіннің тіпті некрозға дейін зақымдануына әкелуі мүмкін. Ұсақ тамырларға инъекция немесе бір венаға бірнеше рет инъекция жасағанда, флебосклероздың дамуы мүмкін.

Венаішілік енгізу (в/і)

Стандартты дозалар:

Монотерапияда ересектерге арналған ұсынылған стандартты доза дене ауданының 60-90 мг/м^2 құрайды. Эпирубицинді вена ішіне 3-5 минут бойы енгізу керек. Дозаны пациенттің гематомедуллярлық жай-күйіне байланысты 21 күндік аралықпен қайталаған жөн.

Жоғары дозалар:
Өкпе обырын емдеу үшін жоғары дозада бөлек пайдаланылатын Эпирубицинді келесі сызбаға сәйкес енгізу керек:
Өкпе обыры:
- *Өкпенің ұсақ жасушалы обыры (бұрын емделмеген):* циклдің бірінші күні 120 мг/м^2, әр 3 апта сайын.
- *Өкпенің ұсақ жасушалы емес обыры (бұрын емделмеген жалпақ жасушалы, ірі жасушалы обыр немесе аденокарцинома):* циклдің бірінші күні 135 мг/м^2 немесе әр 3 апта сайын 1, 2 және 3 күндері 45 мг/м^2.
Сүт безінің обыры (СБО):
Лимфа түйіндерінің зақымдануымен (N +) СБО адъювантты ем жүргізген кезде біріктірілген ем құрамындағы эпирубициннің ұсынылатын дозасы 100 мг/м^2 (циклдің бірінші күні) 120 мг/м^2 дейін (циклдің 1-ші күні және 8-ші күні енгізілетін екі дозаға бөлінген) әр 3-4 апта сайын венаішілік циклофосфамидпен, 5-фторурацилмен және пероральді тамоксифенмен біріктіріледі.
Қуыққа енгізу
Эпирубицинді қуық беткейлік обырын және in-situ карциномасын емдеу үшін қуықішілік енгізу арқылы енгізуге болады. Эпирубицинді ішкі қуық қабырғасына (бұлшықет қабаты) өсетін ісіктер кезінде қолдануға болмайды. Мұндай жағдайларда хирургиялық және жүйелі емдеу әдістеріне артықшылық беру керек. Эпирубицинді сонымен қатар қайталануды болдырмау мақсатында беткейлік ісіктерді трансуретралды резекциядан кейін профилактикалық дәрі ретінде қуық ішіне сәтті қолданады.
Ем үшін 50 мг/50 мл эпирубициннен (физиологиялық ерітіндімен немесе дистилденген стерильді сумен сұйылтылған) 8 апталық инстилляция жүргізу ұсынылады. Жергілікті уытты әсердің симптомдары пайда болған кезде (химиялық цистит) эпирубициннің дозасын 30 мг/50 мл дейін төмендету керек. Қуық обырын in situ емдегенде, жеке төзімділігіне байланысты препараттың дозасы 80 мг/50 мл дейін арттырылуы мүмкін. Беткейлік ісіктерді трануретралды резекциядан кейін қайталану профилактикасы үшін төрт апта сайынғы 50 мг/50 мл инстилляция жасау ұсынылады, содан кейін сол дозада 11 ай сайынғы инстиляция жасалады.
Ерітінді қуыққа катетердің көмегімен енгізіледі, бұл ретте препарат қуық ішінде 1 сағат бойы қалуы тиіс. Несеппен көп мөлшерде сұйылтудың алдын алу үшін пациентке инстилляцияға дейін 12 сағат бойы сұйықтық қабылдаудан тартыну керектігі туралы ескертілуі тиіс. Препараттың қуықтың шырышты қабатына біркелкі әсерін қамтамасыз ету үшін пациент (инстилляциядан кейін) бір бүйірінен екінші бүйіріне аударылуы керек.
Пациенттердің ерекше топтары
Сүйек кемігі функциясының бұзылуы
Препарат венаішілік болюс түрінде 3-5 минут бойы немесе инфузия түрінде 30 минутқа дейін енгізілуі керек. Едәуір төмен дозалар (стандартты дозалар үшін 60-75 мг/м^2 және жоғары дозамен сызба үшін 105-120 мг/м^2) бұрын химиотерапия немесе сәулелік ем алған пациенттер үшін, сондай-ақ сүйек

кемігінің ісіктік инфильтрациясы бар пациенттерде ұсынылады. Бір циклдегі жалпы дозаны қатарынан 2-3 күнге бөлуге болады.

Бауыр функциясының бұзылуы

Препаратты басқа ісікке қарсы дәрілермен бірге пайдаланған кезде, дозалар талапқа сай азайтылуы керек. Эпирубициннің шығарулуының негізгі жолы гепатобилиарлық жүйе болып табылатындықтан, жалпы уыттылықтың жоғарылауын болдырмау үшін бауыр функциясы бұзылған пациенттерде дозасы азайтылуы тиіс. Бауырдың орташа зақымдануы (билирубин: 1,4–3 мг/100 мл) дозаны 50% төмендетуді қажет етеді, ал бауырдың ауыр зақымдануы (билирубин:> 3 мг/100 мл) дозаны 75% төмендетуді қажет етеді.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйректің орташа жеткіліксіздігі жағдайында осы жолмен бөлінетін эпирубициннің шектеулі мөлшеріне байланысты дозаны төмендету талап етілмейді.

Енгізу әдісі және жолы

Венаішілік енгізу.

Қуыққа енгізу.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажетті шаралар

Симптомдары: айқын миелосупрессия (көбінесе лейкопения және тромбоцитопения), асқазан-ішек жолы тарапынан уытты әсерлер (көбінесе мукозиттер), сондай-ақ жүрек тарапынан жедел асқынулар.

Емі: симптоматикалық ем жүргізіледі. Эпирубицинге антидот белгісіз. Гемодиализ тиімсіз.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша нұсқаулар

Осы препаратты қолдану бойынша қандай да бір қосымша сұрақтар пайда болған жағдайда емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша, жағымсыз әсерлер олардың даму жиілігіне қарай келесідей жіктеледі: өте жиі (>1/10), жиі (>1/100 ден <1/10 дейін), жиі емес (>1/1000 ден <1/100 дейін), сирек (>1/10000 ден <1/1000 дейін), өте сирек (<1/10000); жиілігі белгісіз - қолда бар деректер бойынша пайда болу жиілігін белгілеу мүмкін болмады.

Өте жиі:

- сүйек кемігі қан түзілуінің бәсеңдеуі (анемия, лейкопения, нейтропения, томбоцитопения, фебрильді нейтропения).
- кератит
- ыстық қан тебу, флебит*
- жүрек айнуы, құсу, стоматит, шырышты қабықтың қабынуы, диарея

- алопеция, тері уыттылығы
- хроматурия*†
- аменорея
- дімкәстік, пирексия *
- трансаминазалардың қалыпты болмауы
- химиялық цистит*§

Жиі:
- инфекциялар, конъюнктивит
- тәбеттің төмендеуі, сусыздану*
- қарыншалық тахикардия, атриовентрикулярлы блокада, қарынша аралық блокада, брадикардия, іркілісті жүрек жеткіліксіздігі
- қан құйылу*, қызару*
- асқазан-ішектің ауыруы*, асқазан-ішек эрозиялары*, асқазан-ішектің ойық жаралары*
- бөртпе/қышыну, тырнақтың пигментациясы*, терінің бұзылысы, терінің гиперпигментациясы*
- қалтырау*
- лықсу фракциясының азаюы

Жиі емес:
- сепсис*, пневмония*
- жедел миелоидты лейкоз, жедел лимфоцитарлық лейкоз
- эмболия, артериялық эмболия*, тромбофлебит *
- өкпе эмболиясы*
- асқазан-ішектен қан кету*
- есекжем*, эритема*
- астения

Сирек:
- анафилаксиялық реакциялар*
- гиперурикемия*

Жиілігі белгісіз:
- шок*
- іштегі жайсыздығы, жақ тінінің пигментациясы*
- фотосезімталдық реакциясы*
- құбылысқа жауап*Δ

* Жағымсыз реакциялардың постмаркетингтік деректері
†Енгізгеннен кейін 1-2 күн ішінде несептің қызыл түске боялуы
§ Қуыққа енгізілгеннен кейін
Δ Сәулеленген теріге аса жоғары сезімталдық (радиациялық реакцияға жауап).

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласыңыз

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препарат құрамы
1 мл концентрат құрамында
белсенді зат - эпирубицин гидрохлориді, 2.0 мг
қосымша заттар: натрий хлориді, инъекцияға арналған су.
Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы
Бөтен бөлшектерден бос қызыл түсті мөлдір ерітінді

Шығарылу түрі және қаптамасы
5 мл концентраттан көк түсті алмалы-салмалы пластмасса қақпағымен алюминий қалпақшаның көмегімен бекітілген резеңке тығыны бар I типті түссіз шыныдан жасалған құтыларға құйылған.
1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады (10 мг/5 мл доза үшін).
25 мл концентраттан көк түсті алмалы-салмалы пластмасса қақпағымен алюминий қалпақшаның көмегімен бекітілген резеңке тығыны бар I типті түссіз шыныдан жасалған құтыларға құйылған.
1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады (50 мг/25 мл доза үшін).

Сақтау мерзімі
2 жыл
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары
2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!
Мұздатып қатыруға болмайды!
Сақтаған кезде дәрілік препарат гель тәрізді консистенцияға айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда қолданар алдында препаратты гель тәрізді консистенция жоғалғанға дейін 2-4 сағат бойы 15-25 °С температурада ұстау қажет!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер
«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм), ЖШС, Қазақстан,

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек а. 1147,
тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм), ЖШС, Қазақстан,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек а. 1147,
тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта).
«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, № 1147, тел/факс:
+7 771 588 72 17 , e-mail: kelun_farmakonadzor@mail.ru

УТВЕРЖДЕНА
Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского и
фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «17» март 2026 г
№ N093042
от «19» март 2026 г
№ N093091

Инструкция по медицинскому применению
Лекарственного препарата (Листок-вкладыш)

Торговое наименование
Эпирубицин-Келун-Казфарм

Международное непатентованное название
Эпирубицин

Лекарственная форма, дозировка
Концентрат для приготовления раствора для инфузий, 10 мг/5 мл, 50 мг/25 мл

Фармакотерапевтическая группа
Антинеопластические и иммуномодулирующие препараты. Антинеопластические препараты. Цитотоксические антибиотики и родственные вещества. Антрациклины и родственные соединения. Эпирубицин.
Код АТХ L01DB03

Показания к применению
- рак молочной железы
- рак желудка
- немелкоклеточный и мелкоклеточный рак легкого
- рак яичников
- переходно-клеточный рак мочевого пузыря
- ходжкинская (лимфогранулематоз) и неходжкинская злокачественные лимфомы
- множественная миелома
- острый лейкоз

Перечень сведений, необходимых до начала применения
Противопоказания

- повышенная чувствительность к эпирубицину или другим компонентам препарата, а также к другим антрациклинам или антрацендионам
- беременность и период грудного вскармливания;
- детский возраст до 18 лет (эффективность и безопасность не установлены);
- внутривенное введение противопоказано при: выраженной миелосупрессии, тяжелой печеночной недостаточности, тяжелой сердечной недостаточности и тяжелых аритмиях, недавно перенесенном инфаркте миокарда, предшествующей терапии другими антрациклинами или антрацендионами в предельных суммарных дозах, нестабильной стенокардии, кардиомиопатии, острых системных инфекциях;
- введение в мочевой пузырь противопоказано при: инвазивных опухолях с пенетрацией в стенку мочевого пузыря, инфекциях мочевыводящих путей, воспалении мочевого пузыря, гематурии, обтурационных заболеваниях мочевыводящих путей, невозможности провести катетеризацию.

Необходимые меры предосторожности при применении

Для приготовления инфузионных растворов рекомендуется использовать 0,9% (M/V) раствор хлористого натрия для внутривенных инфузий; 5% (M/V) раствор глюкозы для внутривенных инфузий; либо смесь растворов хлорида натрия и глюкозы для внутривенных инфузий.

С учетом токсичности данного вещества разработаны следующие рекомендации:

- персонал должен быть обучен правильной технике обращения с препаратом;
- беременные сотрудники к работе с препаратом не допускаются;
- при работах с эпирубицином представители персонала должны быть одеты в защитную спецодежду: химические очки, рабочие халаты, одноразовые маски и перчатки;
